



ФАРМАЦИЯ ИНСТИТУТЫ
ПІКІР

Диссертациялық жұмыста Тәуелсіз мемлекеттер достығы елдері мен шет елдердегі фармацевтикалық кәсіпорын дамуының теориялық негіздері, жобаларды басқару жүйесі, фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларын басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы, Қазақстандық фармацевтикалық компаниялардың дамуы бойынша қызметіне жобалық әдіснама модификациясын енгізу, дайын дәрілік заттар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуальды жобасы жасау мәселелері қаралған.

Тулемисов С.К. диссертациялық зерттеуінің эксперименталды бөлімі Украинаның Харьков қаласында орналасқан Ұлттық фармацевтикалық университеті базасында жасалған.

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді жүйелі талдау, жобаларды басқаруды ұйымдастыру, фармацевтикалық өндірісті жобалау саласындағы мамандармен сұқбаттасу негізінде докторант Тулемисов С.К. фармацевтикалық кәсіпорындардың инновациялық жобаларын ғылыми-әдістемелік негіздеу бойынша әдістемелік ұсқаулары әзірленген.

Докторант Тулемисов С.К. зерттеу нәтижелері мақала мен тезис түрінде отандық және шетел ғылыми баспаларында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында және Thomson Reuters пен Scopus мәліметтерінің халықаралық базасына кіретін рецензияланатын ғылыми баспаларда жарық көрген.

Зерттеудің барлық маңызды аспектілерін жан-жақты талқылап шешу үшін докторант Тулемисов С.К. интеллектуалдық деңгейі мен теориялық біліктілігі, оңтайлы амалдарды өнерпаздықпен қолдана білуі алға қойылған міндеттерге қолжеткізуде өз септігін тигізді.

Докторант Тулемисов С.К. зерттеу алдына қойған мақсат пен міндеттерді оңтайлы орындап шықты.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, Тулемисов С.К. диссертациялық жұмысы өзіндік бірегей ғылыми зерттеу болып саналады және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу көлемі мен әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек ретінде көрініс табады.

Ғылыми кеңесші,
фармация ғылымдарының докторы



Датхаев У.М.